

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 3 наурыздағы N 326 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 4 шілдедегі N 916 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 тамыздағы N 745 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.08.15 N 745 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғалар мен қызметкерлер денсаулығының өзге де зақымдануларын тексеру және есепке алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 3 наурыздағы N 326 Р010326_ қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Еңбек қызметімен байланысты жазатайым оқиғалар мен қызметкерлер денсаулығының өзге де зақымдануларын тексеру және есепке алу ережесіндегі:

10 - т а р м а к т а :

1) тармақшадағы "аумақтық бөлімшелеріне (бұдан әрі - аумақтық бөлімше)" деген сөздерден кейін "сондай-ақ қауіпті өнеркәсіп объектілерінде болған жазатайым оқиғалар кезінде төтенше жағдайлар жөніндегі жергілікті органдарға" деген сөздермен толықтырылсын;

13-тармақтың бірінші абзацындағы "зардал шегушінің өкілдерінің қатысуымен" деген сөздер "жұмыс берушінің және зардал шегушінің өкілетті өкілдерінің қатысуымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

18-тармақ мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Қауіпті өнеркәсіп объектілерінде болған жазатайым оқиғалар кезінде комиссия құрамына төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі мемлекеттік инспектор енгізіледі.

Техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде болған жазатайым оқиғалар кезінде төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі мемлекеттік инспектор арнайы тексеру жөніндегі комиссияның төрағасы болып тағайындалады. Мұндай жағдайда мемлекеттік еңбек инспекторы комиссия мүшесі болып табылады";

27 - т а р м а к т а :

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қауіпті өнеркәсіп объектілерінде болған жазатайым оқиғалар кезіндегі тексеру барысында жұмыс беруші, қызметкер және мемлекеттік еңбек инспекторы не төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі мемлекеттік инспектор арасында тексеру, рәсімдеу және тіркеу мәселелері бойынша келіспеушіліктерді тиісті инспекцияның бағыныстылығына қарай бас мемлекеттік еңбек инспекторы немесе төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі бас мемлекеттік еңбек инспекторы қарайды не сот тәртібімен қаралауды" ;

үшінші абзацтағы "мемлекеттік" деген сөзден кейін "(мемлекеттік)" деген сөз алдынып тасталсын ;

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер мемлекеттік еңбек инспекторының пікірі комиссия мүшелері көпшілігінің пікірімен келіспесе, онда ол актіге "қорытындыны қара" деген ескертпемен қол қоюға міндетті. Ол өзінің дәлелді қорытындысын (4-қосымша) тексеру материалдарына енгізеді.

Қауіпті өнеркәсіп объектілерінде болған жазатайым оқиғалар кезінде төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі мемлекеттік инспектор жазатайым оқиғаға ықпал еткен себептер жөніндегі өзінің келіспеушілігін арнайы тексеру материалдарына қоса берілетін техникалық қорытынды түрінде ресімдейді" ;

33 - тармақта :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Жұмыс беруші жазатайым оқиғаны арнайы тексеру актісінің материалдарын мемлекеттік еңбек инспекторына (2-қосымша), сондай-ақ қауіпті өнеркәсіп объектілерінде болған оқиғалар кезінде бір данасын төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі мемлекеттік инспекторға тапсырады" ;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Топтық жазатайым оқиғаны арнайы тексеру актісінің материалдары бір-бір данадан еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға және қауіпті өнеркәсіп объектілерінде болған оқиғалар кезінде төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі орталық атқарушы органға жіберіледі" ;

36-тармақ "меминспекторына" деген сөзден кейін "сондай-ақ қауіпті өнеркәсіп объектілерінде болған оқиғалар кезінде төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі мемлекеттік инспекторға" деген сөздермен толықтырылсын ;

47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Жазатайым оқиғалардың дұрыс, уақтылы тексерілуін және есепке алынуын, сондай-ақ осы жағдайлардың пайда болу себептерін жою жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылауды, бұрмалаушылықтар анықталған

жағдайларда, анықталған бұрмалаушылықтарды жою туралы меншік нысанына қарамастан, барлық ұйымдар орындауы үшін міндettі нұсқамалар беретін мемлекеттік еңбек инспекторлары, сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі мемлекеттік инспекторлар өз құзыretі шеңберінде азаматтардың шағымдарын, өтініштерін, арыздарын тексеру және ұйымдарды зерттеу арқылы жүзеге асырады.

Мемлекеттік еңбек инспекторларының немесе төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың әрекеттеріне заңнамада белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін. Шағым жасау берілген нұсқамалардың орындалуын токтатпайды".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК